

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша регламенттеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2012 жылғы 22 қарашадағы № 90 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 23 қарашада № 3450 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 17 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 08.04.2016 № 17 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10 бабына сәйкес, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша регламенттеу мақсатында, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақтөбе қаласы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу үшін келесі орындар белгіленсін:

Қарғалы селосында орналасқан қалалық "Геолог" мәдениет Үйі ғимараты жанындағы алаң;

Кенес Нокин атындағы ауылдың демалыс саябағы;

Сазды қалалық мәдениет Үйі ғимараты жанындағы алаң.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қалалық мәслихатының
сессия төрағасы
А.Самойленко*

*Ақтөбе қалалық мәслихатының
хатшысы
С.Шынтасова*